

Байзақ ауданы әкімшілігінің Қазақстан Республикасының Әділет министрілігі Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 14 мамырда № 949 тіркелген "Біржолғы (материалдық) көмек көрсету қағидасын бекіту туралы" 2003 жылғы 25 ақпандағы № 8 қаулысының 3 қосымшасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Байзақ аудандық әкімшілігінің 2003 жылғы 28 қарашадағы № 230 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2004 жылғы 4 ақпанда № 1194 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 тамыздағы № 480 қаулысымен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 12.08.2013 № 480 қаулысымен

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімімен азаматтардың жеке санаттарына берілетін әлеуметтік төлемдер туралы" аудандық әлеуметтік қорғау басқармасының 51 бюджеттік бағдарламасы арқылы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектерін мерзімдік басылымның бір данасымен жыл бойы тегін қамтамасыз ету мақсатында аудандық әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан Әкімшілігінің 2003 жылғы 25 ақпандағы "Біржолғы әлеуметтік материалдық көмек көрсету қағидасын бекіту туралы" N 8 қаулысының 3 қосымшасына (Қазақстан Республикасының Әділет Министрілігі, Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылы 14-ші мамырда N 949 тіркелген, аудандық "Ауыл жаңалығы - Сельская новь" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 3-ші бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ұлы Отан Соғысы ардагерлері мен мүгедектері жыл бойы мерзімдік басылымның бір данасымен тегін қамтамасыз етіледі";

2) 5 бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мерзімдік басылымдарға жазу баспасөзге жазылу науқаны кезеңінде жылына 2 рет ұйымдастырылады";

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан Әкімінің орынбасары Ә. Қ и л ы б а е в қ а ж ү к т е л с і н .

уақытша атқарушы

*Аудан Әкімінің міндетін
Б. Торғаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК